



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2026 жылғы 30 сәуір күнгі №01-05/659 санды шығыс хатына сәйкес, ағымдағы жылдың 27 сәуір мен 18 мамыр аралығында жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «**ДосболІКЕ: біз бәріміз теңбіз**» атты республикалық челлендж өтетіндігін хабарлайды.

**Челлендждің негізгі мақсаты** – өзара құрмет, қабылдау және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру.

Іс-шаралар мазмұны нақты тақырыптық бағыттар бойынша жүйелі түрде ұйымдастырылады:

1. «**Жобаларды қорғау**» бағыты аясында білім алушылар өздерінің зерттеу және әлеуметтік жобаларын таныстырып, қорғайды;

2. «**Шығармашылық ынтымақтастық**» бағытында бірлескен шығармашылық жұмыстар, өнер сайыстары мен топтық тапсырмалар жүзеге асырылады;

3. «**Кіші зияткерлік академия**» шеңберінде зияткерлік ойындар, ғылыми-танымдық кездесулер мен пікірталастар ұйымдастырылады;

4. «**Спорттық достық**» бағыты бойынша спорттық жарыстар мен эстафеталар өткізіліп, салауатты өмір салты насихатталады;

5. «**Шебер қолдар шеберханасы**» бағыты аясында қолданбалы өнер, қолөнер және шығармашылық шеберлік сабақтары жүргізіледі;

6. «**Жақсы көңіл күй**» бағыты бойынша оқушылар арасында позитивті эмоционалдық орта қалыптастыруға бағытталған түрлі тренингтер мен ойындарды қамтиды;

7. «**Ізгі істер марафоны**» шеңберінде қайырымдылық акциялары мен әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылады.

Осыған орай, аталған іс-шараға жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын, педагогтерін, сынып жетекшілер мен ата-аналар қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етулеріңізді және атқарылған жұмыстар туралы **#ДосболІКЕ:бізбәрімізтеңбіз2026** хэштегімен әлеуметтік желілерде жариялау ұсынылады. Қорытынды ақпаратты (ауқымды іс-шаралар бойынша фото және бейнематериалдарды қоса алғанда) ағымдағы жылдың 18 мамыр күні білім бөліміне жолдауды тапсырады.

Қосымша: 1 парақта (кесте)

**Басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы**

**Б.Самылтыров**

**«DobolLIKE: біз бәріміз теңбіз» атты республикалық челлендж  
туралы ақпарат**

№	Мектеп атауы	Қамтылған педагогтер саны	Қамтылған оқушылар саны	Қамтылған ата-аналар саны	Әлеуметтік желіге жарияланған сілтемесі #DobolLIKE: бізбәрімізтең біз2026 хэштегімен	фотоесебі